


**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**



БЕКІТІЛДІ

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университететі»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Директорлар
кеңесінің «22» қазан 2020 ж
шешімімен. Хаттама №1

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университететі» КеАК Директорлар кеңесінің сырттай
дауыс беру інтижесі бойынша №1 Шешімі негізінде
29.03.2021 ж. өзгетулер енгізілді

Директорлар кеңесінің Төрағасы

Х. И. Исимбаева



**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы –
Ректорын іріктеу және тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау
тәртібі»**

Алматы, 2020

1. Жалпы ережелер

1. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын–Ректорын іріктеу және тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және, егер «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысымен өзгеше көзделмесе, Басқарма Төрағасы–Ректорды сайлаудың (тағайындаудың), Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындаудың, Басқарма мүшелерін сайлаудың тәртібін айқындауды.

2. Басқарма Төрағасын –Ректорды сайлау (тағайындау) тәртібі

2.1. Басқарма Төрағасын–Ректорды сайлау (тағайындау) Қоғамның Жалғыз акционері ретінде тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – уәкілетті орган) ерекше құзыретіне жатады.

Басқарма Төрағасын–Ректорды сайлау (тағайындау) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүргізіледі және келесі кезеңдерден тұрады:

- Конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- Конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялау;
- Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына үміткер тұлғалардан құжаттар қабылдау;
- Конкурсқа қатысуға құжат тапсырған тұлғаларды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдау;
- Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын Директорлар кенесінің мәжілісінде қарau;
- Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын Республикалық комиссия мәжілісінде қарau;
- Жалғыз акционер ретінде уәкілетті органмен Басқарма Төрағасы – Ректорды сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдау.

2.2. Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына Конкурс өткізу туралы шешімді Директорлар кенесі қабылдайды. Директорлар кенесі оны өткізу шарттарын, күні мен орнын белгілейді.

2.3. Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына Конкурс өткізу туралы 1-Қосымшаға сәйкес хабарландыру реңми бұқаралық ақпарат құралдарында, сонымен қатар уәкілетті органның интернет-ресурсында конкурс өткізілетін күнге дейін он құнтізбелік күн бұрын мемлекетік және орыс тілдерінде жарияланады.

2.4. Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына кандидатураларды іріктеу кезінде негізгі талаптар болып мыналар табылады:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болуы;



2) тиісті салалардың уәкілетті органдарында және (немесе) білім беру мекемелеріндегі басшылық қызметте 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі және (немесе) ғылыми атағының болуы (ғылым кандидаты, ғылым докторы), немесе PhD докторы.

2.5. Конкурсқа барлық ниет білдірушілер, соның ішінде осы Тәртіпте көрсетілген талаптарға сәйкес келетін шетел азаматтары қатыса алады.

2.6. Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға қағаз және электрондық тасымалдағышта келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) 2 -Қосымшаға сәйкес үлгідегі өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) конкурсқа қатысушының 3x4 мөлшердегі түрлі-түсті суретімен қоса 3-Қосымшаға сәйкес үлгіде қызмет тізімі;
- 4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;
- 5) білім туралы құжаттар мен олардың қосымшаларының көшірмелері, салыстыру үшін олардың түпнұсқаларын ұсыну арқылы:

- Қазақстан Республикасының азаматтары - «Болашақ» халықаралық стипендия иегерлеріне шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтар және зертханалармен берілген, сонымен қатар өзара мойындау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарымен шетелдік білім беру мекемелерінен алынған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген білім туралы осы құжаттарды ностирификациялау немесе мойындау туралы куәліктердің көшірмесі қоса тіркеледі;

- «Болашак» халықаралық стипендиясының игерлерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен берілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашак» халықаралық стипендиясы бойынша оқуын аяқтағаны туралы анықтаманың көшірмесі қоса тіркеледі;

- өзара мойындау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген осы білім беру құжаттарын мойындау туралы анықтаманың көшірмелері қоса тіркеледі;

6) жұмыс орны бойынша (қазіргі немесе соңғы) кадрлық қызмет куәландаған еңбек жолын растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамаларының үлгілеріне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6697 болып тіркелген) сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін алты ай ішінде берілген денсаулығы туралы №75/е үлгі бойынша медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);



8) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген психоневрологиялық ұйымның анықтамасы;

9) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес, қызметке орналасуға тыйым салынбағандығын растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу шаралары жүргізілгенде, төтенше жағдай енгізілгенде, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алғанда, қызмет алушы Конкурсқа қатысуышылар 7,8 және 9 тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің білімдеріне, жұмыс тәжірибелеріне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпараттарды бере алады (біліктілік жоғарылату, ғылыми дәрежелер мен атақтар алу, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өздерінің кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын басқа да мәліметтер).

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға осы Тәртіптің 2.6 тармағына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасын (бұдан әрі – даму бағдарламасы) уәкілетті органға осы Тәртіптің 2.3 т. белгіленген мерзім ішінде ұсынады.

2.7. Құжаттарын өткізген тұлғаларды Конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешімді құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі барлық құжаттарымен бірге уәкілетті органмен Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысына жолданады.

2.8. Конкурсқа қатысуға жіберілмейтін тұлғалар:

- 1) жиырма бес жасқа толмағандар;
- 2) бүрін сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағандар;
- 3) өтелмеген немесе алып тасталмаған соттылығы барлар;
- 4) арнайы медициналық мекемелерде есепте тұратындар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

2.9. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттары, сондай-ақ кандидаттар ұсынған даму бағдарламалары Директорлар кеңесінің мәжілісінде жеті жұмыс күні ішінде қаралады.

Директорлар кеңесінің мәжілісіне кандидаттардың қатысуы міндетті.

2.10. Корпоративтік хатшы:

1) Коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің мәжілісінде қарau үшін құжаттарды дайындайды;

3) Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарau үшін Директорлар кеңесінің мәжілісін бейне конференц байланыс (қажет болған жағдайда) арқылы өткізуді қамтамасыз етеді, мәжілістің өту барысына бейне жазба жүргізеді, бейне-жазбаны электронды тасымалдағышта сақтауды қамтамасыз етеді;



4) жасырын дауыс беру өткізуді қамтамасыз етеді, соның ішінде қажет болған жағдайда бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын басқа да электронды тәсілдерді қолдану арқылы;

5) Директорлар кеңесімен ұсынылған Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына кандидаттардың тізімін жасайды және Республикалық комиссияның мәжілісінде қарау үшін уәкілетті органға жолдайды.

2.11 Директорлар кеңесінің мәжілісі оған Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екінші мәжіліске қатысса заңды деп саналады.

Директорлар кеңесінің мәжілісіне кандидаттың қатысуы міндетті.

2.12. Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарауга арналған мәжілісті бейне конференц байланыс (бұдан әрі - БКБ) режимінде өткізуге рұқсат етіледі.

2.13. Жоғары оку орнын дамыту бағдарламасын қарап болғаннан кейін Директорлар кеңесі жасырын дауыс беру арқылы отырысқа қатысушылардың санынан кемінде үштен екі дауыспен Республикалық комиссияның қарауына кандидатты (кандидаттарды) анықтайды.

2.14. Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттары Директорлар кеңесінің мәжілісінде БКБ режимінде қаралған жағдайда дауыс беру бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін басқа да электронды тәсілмен жүргізіледі.

2.15. Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау нәтижелері бойынша, қойылған талаптарға сай болған жағдайда, Республикалық комиссияның қарауына беру үшін Директорлар кеңесі ұсынылған кандидаттардың тізімін жасайды.

2.16. Егер Директорлар кеңесінің қарауына осы Тәртіpte белгіленген талаптарға сай келетін екеуден аз кандидаттың құжаттары берілсе не құжаттар (конкурстық өтінімдер) түспеген болса немесе кандидаттар ұсынылmasa, Директорлар кеңесі Конкурсты өтпелі деп таниды және қайтадан Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды. Егер дауыс беру қорытындысы бойынша екіден кем кандидат үштен екі дауыс алмаған болса, онда Директорлар кеңесі кандидатураларды Республикалық комиссияның қарауына жіberе алмайды және конкурс өтпелі деп танылады.

2.17. Директорлар кеңесінің хаттамалық шешімі барлық құжаттармен бірге Республикалық комиссияга беріледі.

2.18. Республикалық комиссияның құрамын уәкілетті орган айқындаиды.

Республикалық комиссия мүшелерінің саны жеті адамнан кем емес тақ санды құрайды.

Мемлекеттік комиссияның шешімі мәжіліске қатысып отырган мүшелердің жэй көпшілік дауысымен қабылданады және мәжіліс хаттамасымен рәсімделеді, оған уәкілетті органның білікті қызметкерлерінен тағайындалған төраға мен



хатшы қолдарын қояды. Дауыстар саны тең болған жағдайда Төрағаның даусы шешуші болып саналады.

Комиссия мәжілісін өткізу үшін кворум комиссия Төрағасын қоса алғанда, дауыс беру құқығы бар Комиссия мүшелері санының кемінде үштен екісін құрайды.

2.19. Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерттеп, 30 күнтізбелік күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді. Әңгімелесу қорытындысы бойынша ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына кандидат анықталады.

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу шаралары жүргізілген, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда Республикалық комиссия Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына сайлау конкурсын онлайн режимде жүргізеді. Конкурс нәтижелері туралы Республикалық комиссия ашық дауыс беруден кейін кандидаттарға хабарлайды.

2.20. Егер әңгімелесу нәтижесінде Республикалық комиссиямен Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына кандидат анықталмаған болса, онда Директорлар кенесі конкурсты өтпелі деп танып, қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурска қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ қызмет тізімі, өтініші және конкурстық іріктеуден өтпегендердің құжаттары уәкілетті органның кадрлық қызметінде сақталады.

2.21. Республикалық комиссияның шешімі Басқарма Төрағасы–Ректорды тағайындауға негіз болып табылады.

Басқарма Төрағасы–Ректордың кандидатурасы бойынша Республикалық комиссияның оң шешімі негізінде Жалғыз акционер ретінде уәкілетті орган Басқарма Төрағасы–Ректорды тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын (бұдан әрі - Шарт) жасайды.

2.22. Еңбек шарты үш жыл мерзімге жасалады. Шарттың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына Конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

2.23. Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Басқарма Төрағасы–Ректор атқаратын лауазымына сәйкес еместігі анықталған жағдайда сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес Шарт Жалғыз акционермен бұзылады.

3. Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындау

3.1. Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындау Жалғыз акционер ретінде уәкілетті органның ерекше құзыретіне жатады.



3.2. Жалғыз акционер Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындау тәртібін, өкілеттік мерзімін анықтауды және оның өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату тәртібін, сонымен қатар оның тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені қарau тәртібін дербес анықтайды.

3.3. Жалғыз акционермен қабылданған оң шешім негізінде Басқарма Төрағасы–Ректор Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын жасайды.

3.4. Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесімен еңбек шарты Жалғыз акционер анықтаған мерзімге жасалады. Шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе бұзылады.

3.5. Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесі атқаратын лауазымына сәйкес еместігі анықталған жағдайда, сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін Шарт Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

4. Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі (Басқарма Төрағасы–Ректор мен Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда)

4.1. Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін анықтау және Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма Төрағасы–Ректор мен Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту Директорлар кеңесінің ерекше құзыretіне жатады.

4.2. Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма Төрағасы–Ректор мен Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүргізіледі және келесі кезеңдерден тұрады:

- Конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- Конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялау;
- Басқарма мүшелері лауазымына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау;
- Басқарма мүшелері лауазымдарына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарau (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда), әңгімелесу өткізу және сайлау туралы Директорлар кеңесінің мәжілісінде шешім қабылдау.

4.3. Директорлар кеңесі өзінің мәжілісінде Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын анықтайды. Қоғамның Басқарма мүшелері лауазымдарына Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды, оны өткізу шарттарын, өткізу күні мен орнын анықтайды.

4.4. Қоғамның Басқарма мүшелері лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) Конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурс өткізілетін күнге дейін он күнтізбелік күн бұрын ресми



бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ уәкілетті органның интернет-ресурсында мемлекетік және орыс тілдерінде жарияланады.

4.5. Басқарма мүшелерінің лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) үміткер кандидаттарды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар болып мыналар табылады:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кейінгі білімінің болуы;
- 2) білім беру мекемелерінде және (немесе) тиісті салалардың уәкілетті органдарында басшы қызметтерде кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы.

4.6. Конкурсқа барлық ниет білдірушілер, соның ішінде осы Тәртіpte көзделген талаптарға сай келетін шетел азаматтар қатыса алады.

4.7. Конкурсқа қатысу үшін Корпоративтік хатшыға қағаз және электрондық тасымалдағышта келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) 2-Қосымшаға сәйкес ұлгідегі өтініш;
- 2) Конкурсқа қатысушының жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) Конкурсқа қатысушының 3-Қосымшаға сәйкес ұлгіде 3x4 мөлшердегі түрлі-түсті суретімен қоса қызмет тізімі;
- 4) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларының көшірмелері, салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсыну арқылы:

- Қазақстан Республикасының азаматтары - «Болашак» халықаралық стипендия иегерлеріне шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтар және зертханалармен берілген, сонымен катар өзара мойындау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарымен шетелдік білім беру мекемелерінен алынған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген білім туралы осы құжаттарды ностирификациялау немесе мойындау туралы күәліктердің көшірмесі қоса тіркеледі;

- «Болашак» халықаралық стипендиясының игерлерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен берілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашак» халықаралық стипендиясы бойынша оқуын аяқтағаны туралы анықтаманың көшірмесі қоса тіркеледі;

- өзара мойындау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген осы білім беру құжаттарын мойындау туралы анықтаманың көшірмелері қоса тіркеледі

5) жұмыс орны бойынша (қазіргі немесе соңғы) кадрлық қызмет күәландырған еңбек жолын растайтын құжаттың көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамаларының ұлгілеріне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6697 болып тіркелген) сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін алты ай ішінде берілген



денсаулығы туралы № 086/у үлгі бойынша медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);

7) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген психоневрологиялық ұйымның анықтамасы;

8) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес, қызметке орналасуға тыйым салынбағандығын растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу шаралары жүргізілгенде, төтенше жағдай енгізілгенде, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алғанда, қызмет алушы Конкурсқа қатысуышылар 7, 8 және 9 тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің білімдеріне, жұмыс тәжірибелеріне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпараттарды бере алады (біліктілік жоғарылату, ғылыми дәрежелер мен атақтар алу, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өздерінің кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын басқа да мәліметтер).

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар осы Тәртіптің 4.7 тармағына сәйкес құжаттарды Корпоративтік хатшыға осы Тәртіптің 4.4 т. белгіленген мерзім ішінде ұсынады.

4.8. Конкурсқа қатысуға жіберілмейтін тұлғалар:

- 1) жиырма бес жасқа толмағандар;
- 2) бұрын сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағандар;
- 3) өтелмеген немесе алып тасталмаған сottылығы барлар;
- 4) арнайы медициналық мекемелерде есепте тұратындар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

4.9 Корпоративтік хатшы:

1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің мәжілісінде қарау үшін құжаттарды дайындайды;

3) Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау үшін Директорлар кеңесінің мәжілісін бейне конференц байланыс (қажет болған жағдайда) арқылы өткізуді қамтамасыз етеді, мәжілістің өту барысына бейнежазба жүргізеді, бейне-жазбаны электронды тасымалдағышта сактауды қамтамасыз етеді;

4) жасырын дауыс беру өткізуді қамтамасыз етеді, соның ішінде қажет болған жағдайда бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын басқа да электронды тәсілдерді қолдану арқылы;

5) Қоғамның Басқарма мүшелерінің лауазымына Директорлар кеңесімен сайланған (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) кандидаттардың тізімін жасайды.



4.10. Директорлар кеңесі жеті күн ішінде осы Тәртіптің 4.5 тармағында көзделген талаптарға құжаттардың сәйкестігін қарайды, және Басқарма мүшелерінің лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) үміткерлермен әңгімелесу жүргізеді.

4.11. Директорлар кеңесінің мәжілісі Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса өкілетті болып саналады.

Директорлар кеңесінің мәжілісінде кандидаттардың қатысуы міндетті.

4.12. Басқарма мүшелерінің лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарауға арналған Директорлар кеңесінің мәжілісін бейне конференц байланыс режимінде өткізуге рұқсат етіледі.

4.13. Басқарма мүшелерінің лауазымдарына үміткер тұлғалардың (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) құжаттарын БКБ арқылы қарау және әңгімелесу бойынша Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысуға кандидаттың мүмкіндігі болмаса, әңгімелесу үш жұмыс күнінен аспайтын басқа күнге ауыстырылады, бұл ретте Корпоративтік хатшы қайталап әңгімелесуден бір күн бұрын кандидатты хабардар етеді.

4.14. Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) кандидаттардың құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу өткізу нәтижелері бойынша, жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен Басқарма мүшесі лауазымына кандидатты анықтайды.

Жоғары оку орындарында және/немесе білім берудің басқару органдарында басшылық қызметтердегі еңбек өтілі, басқа тең жағдайларда, кандидатты Басқарма мүшесі лауазымына тағайындауға басымдылық беретін негіздеме болып табылады.

4.15. Егер Директорлар кеңесінің қарауына осы Тәртіпте белгеленген талаптарға сәйкес Басқарма мүшесі лауазымына екеуден аз кандидаттың құжаттары ұсынылса, не құжаттар (конкурстық өтінімдер) түспесе, кері шакырылса немесе кандидаттар ұсынылмаған болса, Директорлар кеңесі Конкурсты өтпелі деп танып, Конкурсты қайтадан өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, Директорлар кеңесінің он қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ қызмет тізімі, өтініші және конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың құжаттары Корпоративтік хатшыда сақталады.

4.16. Әңгімелесу қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) сайлау туралы, олардың 3 жылдан аспайтын өкілеттік мерзімі туралы шешім қабылдайды.

4.17. Директорлар кеңесімен қабылданған оң шешім негізінде Басқарма Төрағасы–Ректор Басқарма мүшелерін тағайындау туралы бұйрық шығарады және олармен еңбек шартын жасайды.



4.18. Басқарманың әрбір мүшесімен (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) Директорлар кеңесімен белгіленген мерзімге еңбек шарты жасалады. Шарттың мерзімі аяқталған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе Басқарма мүшесі лауазымына Конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

4.19. Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Басқарма мүшесі атқаратын лауазымына сәйкес еместігі анықталған жағдайда, сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес еңбек шарты бұзылады.

